#ID24795613 №990140001888/260112/00

Суменжабдықтаужәнесубұруқызметтерін ұсынуға арналған № 6211К КЕЛІСІМ-ШАРТ

Қарағанды қ. 01.01.2026 ж

«Қарағанды Су» ЖШС БСН 040640005089, сумен жабдықтау және/немесе су бұру қызметтерін (бұдан әрі – Қызметтер) ұсынушы, ары қарай Жеткізуші деп атала отырып, "26" желтоқсан 2025 жылғы №30/4985 сенімхат негізінде бір тараптан әрекет етуші бас директордың құқықтық мәселелері және сату қызметі бойынша орынбасары Ескенова Жулдыз Берикболовна және «Қарағанды қаласы №1 емханасы» КМК БСН 990140001888 бұдан әрі Су тұтынушы деп атала отырып, Жарғы негізінде екінші тараптан директор Есенбаева Асель Ертугановна атынан әрекет етуші, бірлесіп Тараптар деп аталып, төменде көрсетілгендер бойынша осы Келісім-шартты (бұдан әрі – Келісім-шарт) жасасты.

1- тарау. Келісім-шартта қолданылатын негізгі ұғымдар

Келісім-шартта келесі негізгі ұғымдар қолданылады:

Жеткізуші – «Қарағанды Су» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, сумен жабдықтау және (немесе) су бұру ұйымы- елді мекендерде өз теңгеріміндегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін технологиялық және техникалық пайдалануды жүзеге асыратын су шаруашылығы ұйымы;

Су тұтынушы/Тапсырыс беруші – су шаруашылығы ұйымдарының суды беру және (немесе) сарқынды суларды бұру мен тазарту қызметтерін пайдаланатын немесе су пайдаланушылардың қызметтерін пайдаланатын немесе жалпы су пайдалану тәртібімен су объектілерінен су тұтынатын жеке немесе заңды тұлға;

есепке алу аспабы – нормаланған метрологиялық сипаттамалары бар, белгілі бір уақыт аралығы ішінде физикалық шама бірлігін жаңғыртатын және сақтайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгігенген тәртіппен суды коммерциялық есепке алу үшін қолдануға рұқсат етілген, судың (ауызсу, техникалық, сарқынды және сулардың басқа да түрлерінің) көлемін өлшеуге арналған техникалық құрал;

есепке алу аспаптарын тексеру– есепке алу аспаптарының жай-күйін тексеру, оның техникалық талаптарға сәйкестігін анықтау және растау, көрсеткіштерін алу, сондай-ақ су өлшеу торабындағы пломбалардың бар-жоғын және тұтастығын анықтау үшін Жеткізушінің өкілі орындайтын операциялар жиынтығы;

есеп айырысу кезеңі – Су тұтынушы көрсетілетін қызмет үшін есеп айырысу жүргізетін айдың бірінші күні сағат 00:00-ден бастап айдың соңғы күні сағат 24:00-ге дейін күнтізбелік бір айға тең уақыт кезеңі ретінде Келісім-шартта айқындалған кезең;

пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы – тараптардың келісімімен белгіленетін, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің элементтерін міндеттер (оларды пайдаланғаны үшін жауапкершілік) белгісі бойынша бөлу орны. Мұндай келісім болмаған кезде, пайдалану жауапкершілігінің шекарасы баланстық тиесілікті бөлу шекарасы бойынша белгіленеді;

су тұтыну нормасы - «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағының 34-тармақшасына сәйкес жергілікті атқарушы орган айқындайтын нақты елді мекендегі бір

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

адамның, жеке қосалқы шаруашылықтағы жануарлардың тәуліктік қажеттілігін қанағаттандыруға немесе суармалы ауданның бір бірлігіне арналған судың мөлшері;

суды есепке алу торабына жібермеу – Жеткізуші өкілін сарқынды сулардың сынамаларын алу үшін аумақта орналасқан немесе шаруашылық қарауындағы сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің барлық элементтерінің көрсеткіштерін алу және жұмысқа қабілеттілігін тексеру, техникалық жай-күйін және қауіпсіздігін бақылау үшін суды есепке алу торабына рұқсат беруден Су тұтынушының бас тартуы (кедергі келтіру);

баланстық тиесілікті бөлу шекарасы – сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің элементтерін иеленушілер арасында меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару белгісі бойынша бөлу орны, бұл схемаларда көрсетіледі;

төлем құжаты – Жеткізушінің көрсеткен қызметтерін (тауарлар, жұмыстар) төлеу үшін жасалған және олардың негізінде төлемдер жүргізілетін құжат (шот, хабарлама, түбіртек, шот-ескерту);

уәкілетті органның ведомствосы - табиғи монополияларға тиесілі саласында басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствосы;

энергия тұтынуды есепке алудың автоматтандырылған жүйесі (ЭТЕАЖ) - суды, газды, электр және жылу энергиясын тұтынуды есепке алу деректерін өлшеу, жинау, өңдеу, сақтау және беру үшін арналған өлшеу құралдарының және аппараттық-бағдарламалық кешеннің жиынтығы;

суды есепке алу торабы - суды есепке алуды қамтамасыз ететін құрылғылар(бекіту арматурасы,өлшеу құраладарына дейінгі және одан кейінгі суқұбырларының түзу участкелері, деректерді қашықтан өлшеу құралдары, қысымды реттегіш және т.б құрылғылар) мен аспаптар (су есептегіші, су шығынын есепке алу есептегіші, манометр) жүйесі;

суды коммерциялық есепке алу: сумен жабдықтау және (немесе) су бұру шарты бойынша тараптардың өзара есеп айырысуы үшін қажетті су көлемін есепке алу;

оқшау тазарту құрылыстары –Су тұтынушының өзінің сарқынды су бұру жүйесіне ағызу алдында оларды тазартуға арналған құрылыстары мен құрылғыларының жиынтығы;

бақылау құдығы –Су тұтынушының сарқынды суларының сынамасын іріктеуге және оның көлемін есепке алуға арналған оның су бұру жүйесіне қосылуы алдындағы тұтынушының су бұру желісіндегі соңғы құдық;

су бұру жүйесіне шығару - ғимараттан немесе құрылыстан су бұру желісіндегі бірінші құдыққа дейінгі құбыр;

су құбырын енгізу - қосылу нүктесіндегі тиекті арматурасы бар құдықты қоса алғанда, ғимараттағы бірінші ысырмаға дейінгі сумен жабдықтаудың тарату желісіндегі құбыр;

зиянды заттардың рұқсат етілгенконцентрациясы (бұдан әрі - ЗЗРЕК) –Су тұтынушының су бұру жүйелеріне ағызатын өнеркәсіптік ағынды суларының құрамындағы зиянды заттардың жол берілетін шамасы;

тариф- реттелетін қызметтер құнының ақшалай көрінісі;

кондоминиум нысаны – жеке (бөлек) меншікке жататын пәтерлерден, тұрғын емес үй-

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

жайлардан, автотұрақ орындарынан, қойма орындарынан және ортақ меншікке жататын, жеке (бөлек) меншікке жатпайтын мүліктен тұратын, көппәтерлі тұрғын үйдің тұрғындарына ортақ үлестік меншік құқығында тиесілі мүліктік кешен, оның құрамына көппәтерлі тұрғын үйдің астындағы бірыңғай бөлінбейтін жер учаскесі және (немесе) үй маңындағы жер учаскесі кіреді;

деректерді жинау және беру құрылғысы (бұдан әрі – ДЖБҚ) – су есептегіш тораптарының құрылғысы (элементі), су есептегішке қосылатын және (немесе) кірістірілетін, су есептегіш құралдарының көрсеткіштерін автоматты түрде жинау және кейінірек деректерді су есептеу ақпараттық-өлшеу жүйесіне (бұдан әрі – АӨЖ) және (немесе) жеткізушінің энергия тұтынуды автоматтандырылған есептеу жүйесіне беру үшін арналған құрылғы;

Жеткізушінің ақпараттық ресурстары - Жеткізуші Су тұтынушыларға жария түрде мәлімет беретін бұқаралық ақпарат құралы (мысалы, сайт http: // kar-su. kz /, Instagram @ karagandysu , Facebook @karagandasu, газет басылымдары, ТВ).

Осы Келісім-шартта пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 9 сәуірдегі № 178-VIII «Су кодексі» және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес.

2-тарау. Келісім-шарттың мәні

2.1. Келісім-шарт талаптарына сай Жеткізуші Су тұтынушыға қызметтерді ұсынуға міндеттеледі, ал Су тұтынушы көрсетілген қызметтер ақысын осы Келісім-шартпен айқындалған мерзімде, тәртіппен және мөлшерде төлеуге міндеттеледі.

2.2. Көрсетілген қызметтердің сипаттамалары мен берілетін судың сапасы Қазақстан Республикасы Заңнамасының талаптарына, санитарлық ережелерге, мемлекеттік стандарттарға сай болу керек.

2.3. Келісім-шарт Су тұтынушымен жеке тәртіппен және (немесе) оның меншігінде немесе басқа да заңды негіздерде Жеткізушінің техникалық талаптарына сай орындалған елді мекеннің сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріне қосылған сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелері болған кезде жасалады.

2.4. Жеткізушінің сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелеріне қосуға арналған техникалық шарттарда көрсетілген көлемдерге сәйкес Су тұтынушы алатын ауыз судың рұқсат етілген көлемі 500 м3/жыл, шаруашылық-тұрмыстық тұтынушыдан және өндірістік сарқынды сулардың ластану құрамы бойынша оларға жақын бөлінетін 747 м3/жыл.

Ауыз суды тұрмыстық тұтыну үшін пайдаланатын жеке тұлға оны пайдалануға және түзілетін сарқынды суларды оған қажетті мөлшерде тастауға құқылы.

2.5. Қызмет ұсыну тәртібі – тәулік бойы.

2.6. Кондоминиум объектілеріндегі пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы кондоминиум объектісін басқару органы мен Жеткізуші арасындағы келісіммен анықталады:

сумен жабдықтау бойынша – ғимаратта су құбырын енгізудегі бірінші ысырманың бөлуші фланеці;

су бұру бойынша – елді мекеннің су бұру желілеріне қосылған жердегі құдық.

3-тарау. Қызметтерді ұсыну талаптары

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

3.1. Жеткізуші Су тұтынушыны алдын ала ескертпестенсумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерінқызметтерін мынадай жағдайларда тоқтатады:

1) су жабдықтау және (немесе) су бұру объектілерінің энергиямен жабдықталуы апаттық түрде тоқтатылған жағдайда;

2) елді мекендердің орталықтандырылған су жабдықтау және су бұру жүйелерінде апат туындаған және (немесе) апат салдарын жою кезінде;

3) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері ауыз су сапасының осы саладағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келмейтінін анықтаған жағдайда;

4) өрт сөндіру үшін берілетін су көлемін ұлғайту қажеттілігі туындаған жағдайда;

5) орталықтандырылған су бұру жүйесіне ағызуға тыйым салынған заттарды, материалдарды, қалдықтарды және (немесе) сарқынды суларды ағызу кезінде;

6) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесінің және (немесе) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының ауыз су сапасының, сарқынды сулар құрамының Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларды орындау қажеттігі туралы нұсқамасын немесе тиісті шешімін алған жағдайда;

7) елді мекендердің орталықтандырылған су жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелеріне өз бетінше (технологиялық) қосылған жағдайда;

8) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында белгіленген елді мекеннің тазарту құрылыстарынан ағынды суларды төгуге арналған рұқсат етілген шекті нормативтерге сәйкес айқындалған зиянды заттардың рұқсат етілген концентрациясынан үш және одан да көп рет қайталанып асып кеткен жағдайда;

9) Су тұтынушыда (тұрмыстық тұтынуды қоспағанда) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес өндірістік бақылау жүйесі болмаған жағдайда;

10) Су тұтынушының немесе Жеткізушінің сумен жабдықтау және (немесе) су бұру желілерінің апаттық жағдайында;

11) Нормативтік құқықтық актілерде және Тараптардың келісімінде көзделген басқа да жағдайларда тоқтатылады.

3.2. Жеткізуші Су тұтынушыларды үш күндік күнтізбелік мерзімде хабардар ете отырып, сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерін көрсетуді шектейді:

1. Су тұтынушылардың Жеткізуші өкілдерін ағынды сулардан сынама алу үшін бақылау кәріз құдықтарына, сондай-ақ суды есепке алу аспабы тораптарын тексеру, бақылау және суды есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алу мақсатында кіргізуіне кедергі келтірген жағдайда;
2. жаңа нысандарды суға қосу (технологиялық қосылу) жұмыстары жүргізілген кезде;
3. сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріне қызмет көрсету, жоспарлы-алдын алу жөндеу жұмыстары, сондай-ақ Су тұтынушы қосылған су жабдықтау желілерін дезинфекциялау жүргізілген кезде;
4. есептік кезеңнен кейінгі екі ай ішінде сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтері

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

үшін төлем жасау бойынша шартқа сәйкес Су тұтыныушының берешегі болған жағдайда;
5. тексеру актісінде және сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерін тоқтата тұру актісінде көрсетілген анықталған ақаулар мен бұзушылықтарды жою жөніндегі Жеткізушінің жазбаша талаптары орындалмаған жағдайда;
6. коммерциялық есептен шығарылған суды есепке алу аспабын тексеруден (калибрлеуден) өткізуге және ауыстыруға бас тартқан жағдайда, бұл Жеткізуші мен Су тұтынушы арасында жасалған бірлескен актімен құжат жүзінде расталған болса;
7. тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті орган бекіткен сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтері көлемдерін есептеу Әдістемесінде көзделген бұзушылықтар анықталған жағдайда.

3.3. 3.1-тармақта көзделген негіздер бойынша тоқтатылған сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерін көрсету бұзушылықтар жойылған күні жеткізуші тарапынан қайта жаңғыртылады (қалпына келтіріледі).

3.4. Су тұтынушының өндірістік ағынды суларын Жеткізушінің су бұру жүйелеріне қабылдау ҚР Өнеркәсіп және құрылыс Министрінің 15.10.2025 жылғы № 436 бұйрығымен бекітілген елді мекендердің су бұру жүйелеріне ағынды суларды қабылдау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

3.5. Жеткізушінің аттестатталған зертханасы орындаған талдау нәтижелері бойынша Су тұтынушының сарқынды суларындағы зиянды заттардың рұқсат етілген концентрациясы асып кеткен кезде, Су тұтынушы өндірістік сарқынды суларды су бұру жүйесіне ағызуды тоқтатады және зиянды заттардың рұқсат етілген концентрациясына қол жеткізгенге дейін ластануды төмендету жөнінде шұғыл шаралар қабылдайды. Ластану құрамының артуына әкеп соққан себептерді жойғаннан кейін Су тұтынушының өтінімі бойынша Жеткізуші сынамаларды қайта іріктеуді жүргізеді.

3.6. Жеткізуші табиғи монополия субъектісінің желілеріне қосылуға немесе реттеліп берілетін сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерінің көлемін ұлғайтуға арналған техникалық шарттарды сумен жабдықтау және (немесе) су бұру желілерінің құрылыстарының өнімділігі мен су құбыры қуатының жеткілікті резерві болғанда,мынадай жағдайларда береді:

1) елді мекендердің сумен жабдықтау және (немесе) канализация жүйелеріне қосылған жаңа объектілерді жобалау және кейіннен салу;

2) елді мекеннің қолданыстағы су бұру жүйесіне су тұтыну және (немесе) сарқынды суларды бұру көлемін ұлғайту;

3) елді мекендердің дренаждық жүйелеріне ағызылатын ағынды сулардың ластануының концентрациясын арттыру;

4) егер бұл тұтынылатын сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерінің көлемдері мен сипаттамаларының өзгеруіне әкеп соқтырса, объектіні қайта жаңарту;

5) нысанның мақсатын өзгерту;

6) бұрын қосылмаған объектіні сумен жабдықтау және (немесе) су бұру желілеріне қосу;

7) сумен жабдықтау және (немесе) су бұру инженерлік желілерін дамыту.

4-тарау. Қызметтерді төлеу тәртібі

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

4.1. Осы Келісім-шарт бойынша көрсетілген қызметтерге төлем уәкілетті орган ведомствосы бекіткен тарифтер бойынша жүргізіледі.

Тарифтерді өзгерту Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

4.2. Егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, Су тұтынушы нақты ұсынылған қызметтердің мөлшері үшін ай сайын төлем құжатының негізінде есеп айырысу кезеңінен кейінгі айдың 25-не дейінгі мерзімде төлейді. Есептік кезең бір күнтізбелік айды құрайды.

4.3. ЗЗРЕК-ын асырғаны үшін қосымша ақы Жеткізушінің есептік шотына төленеді.

4.4. Тапсырыс берушімен алынатын суық су мен одан қабылданатын ағынды су есебі ағымдағы тарифтер бойынша жүргізіледі: жіберілген судың 1 м3 үшін 780,05 тенге ҚҚС есебінсіз, кәріз қызметі үшін қабылданған ағынды судың 1 м3 үшін 898,86 тенге ҚҚС есебінсіз.

Келісім-шарт бойынша судың жалпы шамалы құны 390 025 теңгені құрайды,

ағынды суды ағызу құны 671 448,42теңге,

жалпы сомасы ҚҚС есебінсіз:1 062 338,96 теңге,

ҚҚС есебімен:1 232 313,19 теңге (жазбаша түрде)

Шығыстардың БСК бойынша:

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілік коды:

Бюджеттік бағдарлама:

Ішкі бағдарлама:

Ерекшелігі:

4.5. Жеткізуші Су тұтынушыға ҚР заңнамасында белгіленген келесі айлық есеп көрсеткішімен, әр айдың 10-на дейінгі мерзімде ұсынылатын қызметтердің ақысын төлеу үшін төлем ақы құжаттарын ҚР Қаржы Министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесінде ұсынады.

4.6. Су тұтынушы тоқсанына бір рет жиілікпен өзара есептесу салыстырма актісін Жеткізушімен бірлесе отырып жасайды.

4.7. Жеткізуші елді мекеннің су бұру жүйесіне ағызуға рұқсат етілген ағынды сулардағы зиянды заттардың тізбесін айқындайды және тазарту құрылыстарының қолданыстағы технологиясын ескере отырып, олардың рұқсат етілгенконцентрациясын есептейді. Бұл есеп ҚР Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері жөніндегі агенттігі Төрағасының 29.12.2010 жылғы № 606 бұйрығымен бекітілген «Елді мекендердің су бұру жүйелеріне ағызылатын өндірістік ағынды сулардағы зиянды заттардың рұқсат етілген концентрациясын есептеу және олар асып кеткен жағдайда қосымша тазарту үшін төлемақыны есептеу әдістемесіне» (бұдан әрі – Елді мекендердің су бұру жүйелеріне ағызылатын өндірістік ағынды сулардағы зиянды заттардың рұқсат етілген концентрациясын есептеу және олар асып кеткен жағдайда қосымша тазарту үшін төлемақыны есептеу әдістемесі) сәйкес жүргізіледі.

Елді мекендердің су бұру жүйелеріне ағызылатын сарқынды сулардағы зиянды заттардың

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

рұқсат етілген концентрацияларын(ЗЗРЕК) есептеу, сондай-ақ олардың шектен асқан жағдайда қосымша тазарту үшінтөлемді есептеуЕлді мекендердің су бұру жүйелеріне ағызылатын өндірістік ағынды сулардағы зиянды заттардың рұқсат етілген концентрациясын есептеу және олар асып кеткен жағдайда қосымша тазарту үшін төлемақыны есептеу Әдістемесінесәйкес жүргізіледі.

ЗЗРЕК-нан асатын ластануы бар сарқынды сулардың көлемін қосымша тазарту үшін ақы төлеу ҚРҚұрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Төрағасының 29.12.2010 жылғы № 606 бұйрығымен бекітілген Елді мекендердің су бұру жүйесіне ағызылатын өндірістік сарқынды судағы зиянды заттардың шекті жол берілген шоғырлануын есептеу және олар шектен асқанда қосымша тазарту үшін төлемдерді есептеу Әдістемелік нұсқауының 2-бөліміне сәйкес есептеледі.

ЗЗРЕК-нан асатын ластануы бар сарқынды сулар ағызылған жағдайда, Су тұтынушы Жеткізушіге қосымша тазалау шығындарын формула бойынша есептелген көлемде төлейді:

П – нормадан жоғары ластауышы бар ағынды суларды қосымша тазалау төлемі, теңге;

Т – 1м3 үшін ағын суға тарифтік төлем (ҚҚС есебімен), теңге/м3

V – мекемемен елді мекендердің су бұру жүйелеріне ағызылған ағынды су көлемі, м,3

Сф1,Сф2.. – зиянды заттың нақты жол берілетін шоғырлануынан (ЗЗЖБШ) асып кетсе, зиянды заттың нақты концентрациясы,мг/дм3,

Сдквв1, Сдквв2.. – елді мекеннің ағынды сулар жүйесіне ағызуға рұқсат етілген зиянды заттардың рұқсат етілген концентрациясы,мг/дм.3

Ағынды суларды ЗЗРЕК-дан асатын қосымша тазарту үшін төлем ластаудың әрбір түрі бойынша жоғарыда көрсетілген есептен бөлек, көрсетілген сарқынды суларға қызмет көрсетуге соңғы шот-фактураны жазып берген күннен бастап ЗЗРЕК-дан асатын ластану анықталған күнге дейінгі кезең үшін алынады.

Келесі төлем шоты ЗЗРЕК-дан асатын ластануды жою күніне дейін шығарылады, және ЗЗРЕК-дан асып кеткен ластануға жол берген ұйым (Су тұтынушы) оны жазбаша түрде елді мекеннің сарқынды суларын қабылдау және тазалау қызметін жүзеге асыратын ұйымға (Жеткізушіге) хабарлауы тиіс.

Жеткізушімен ЗЗРЕК-сы бар ағын суларды қосымша тазалау шығындарына төлем ұсынудың негізі болып келесілер табылады:

а) сарқынды сулардың сынамаларын алу актісі;

б) зиянды заттардың нақты концентрациясы бар сарқынды суларды талдау хаттамасы (сынама хаттамасы);

в) ЗЗРЕК-нан асатын ластануы бар ағын суларды ағызу кезінде қосымша тазарту төлем есебі.

Қосымша тазалау үшін төлемді есептеу әрбір шығарылым бойынша жеке жүргізіледі. Су тұтынушы әрбір шығару бойынша шығындарды ұсынбаған жағдайда, қосымша ақы сарқынды сулардың барлық көлеміне барынша ластанған шығару бойынша есептеледі.

5-тарау. Қызметтерді жіберу және тұтынуды есептеу

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

5.1. Белгіленген кезең үшін сумен жабдықтау және су бұру қызметтерінің көлемі пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасында орнатылған және коммерциялық есепке қабылданған есептеу құрылғыларының көрсеткіштері бойынша анықталады.

Осы Шартта қамтылмаған сумен жабдықтау және су бұру бойынша көрсетілген қызметтердің көлемін айқындау тәртібі ҚР Өнеркәсіп және құрылыс Министрінің 16.10.2025 жылғы № 441 бұйрығына 1-қосымша болып табылатын «Сумен жабдықтау және су бұру бойынша көрсетілген қызметтер көлемін есептеу әдістемесіне» сәйкес анықталады.

5.2. Жеткізуші әр үш ай сайын кемінде бір рет Су тұтынушының сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелерін, есептеу торабындағы пломбаның болуын тексереді және Су тұтынушылардың есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін дұрыс алуын бақылайды.

5.3. Егер суды есептеу құрылғысының көрсеткіштері ИАЖ арқылы алынған деректермен және Жеткізушінің суды есептеу құрылғысының индикаторы бойынша көрсеткіштер сәйкес келмесе, суды есептеу құрылғыларын пайдалану құқығына рұқсат беретін ұйым суды есептеу құрылғысының индикаторы бойынша көрсеткіштерді негіз ретінде алады және сумен жабдықтау қызметтері көрсетілген көлемді тиісті түрде қайта есептейді.

5.4. Жеткізушінің су бұру жүйелеріне Су тұтынушыдан бөлінген су мөлшері мына жағдайларда:

- ыстық сумен жабдықтаудың жабық жүйесі кезінде, суық су Су тұтынушыға орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйесінен келіп түскен кезде және ғимаратта екі құбырға бөлінеді: біреуі - одан әрі үйішілік суық сумен жабдықтау тарату желісіне, екіншісі - жергілікті су жылытқыш арқылы ыстық сумен жабдықтаудың үйішілік тарату желісіне жіберілген суық судың мөлшеріне. Бұл ретте үйге ортақ есепке алу аспаптары суық сумен жабдықтау кірмелерінде пайдалану жауапкершілігін бөлу шекараларында орнатылады;

- ыстық сумен жабдықтаудың ашық жүйесі кезінде, ыстық су орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау жүйесінен келіп түскен кезде-жіберілген суық су мен ыстық су мөлшері. Үйге ортақ су есепке алу аспаптары ыстық және суық сумен жабдықтау кірмелерінде пайдалану жауапкершілігін бөлу шекараларында орнатылады.

Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру бойынша көрсетілген қызметтердің көлемі жабық ыстық су жабдықтау жүйесі жағдайында, суық және ыстық су жабдықтау тармақтарына орнатылған есепке алу аспаптарының жиынтық көрсеткіштері негізінде айқындалады.

5.5. Ағынды сулары шұңқырға (септикке) немесе жергілікті тазарту құрылыстарына жиналып, кейін жеткізуші арқылы шығарылып, елді мекеннің су бұру жүйесіне төгілетін су пайдаланушылардың ағынды сулар көлемі су көзінің тиесілігіне қарамастан, тұтынылған судың (ауыз су, техникалық, ыстық су) мөлшерін ескере отырып есептеледі және ағынды суларды арнайы автокөлікпен шығару жөніндегі шартпен айқындалады.

5.6. Су тұтынушылар — заңды тұлғалар үшін су бұру қызметтерінің көлемі төмендегі жағдайларда қайтарымсыз жоғалған су көлеміне азайтылады:

1. су сумен жабдықтау және су бұру қызметтерін көрсету туралы шарт жасасу кезінде жеткізушімен келісілген көлемде шығарылатын өнімнің құрамына кірген жағдайда;
2. техникалық сипаттамалары мен көлемдері жеткізушімен келісілген айналымдық және қайта пайдаланылатын сумен жабдықтау жүйелері қолданылған жағдайда;
3. сумен жабдықтау және су бұру қызметтерін көрсету туралы шартқа сәйкес суды жасыл желектерді суаруға пайдаланған жағдайда (Әдістеменің 29-тармағы);
4. есепке алынбайтын су көлемі технологиялық есептеулерге сәйкес айқындалады.

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

5.7. Бұзушылықтар анықталған кезде көрсетілген сумен жабдықтау және су бұру қызметтерінің көлемін есептеу ҚР Өнеркәсіп және құрылыс Министрінің 16.10.2025 жылғы №441 бұйрығының 1-қосымшасының Сумен жабдықтау және су бұру бойынша көрсетілген қызметтердің көлемін есептеу әдістемесіне сәйкес жүргізіледі.

5.8.Су тұтынушыдан суды есепке алу схемасын бұзу, басқару тораптары мен есепке алу аспаптарында пломбаларды жұлып алу, есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін бұрмалайтын құрылғыларды орнату фактілері анықталған кезде Су тұтынушыға соңғы тексеру жүргізілген күннен бастап анықталған күнге дейін, бірақ екі айдан аспайтын мерзімде, тәулігіне 24 сағат ішінде жұмыс істеген кезде құбырдың басқару торабына дейінгі толық өткізу қабілеті есебінен суды пайдаланғаны үшін қайта есептеу жүргізіледі.

5.9. Сумен жабдықтау бойынша көрсетілген қызметтер көлемін есептеу төмендегі бұзушылықтар анықталған жағдайда жүргізіледі: су тұтынушыда есепке алу құралдарының көрсеткіштерін бұрмалайтын құрылғылар анықталған кезде; су тұтынушының сумен жабдықтау жүйелерінен ағып кетулер анықталған жағдайда — есепке алу құралы болмаған кезде, су тұтынушы желілерінде есепке алу құралына дейін немесе есепке алу тораптарының ақаулығы (сүзгінің жарылуы, герметиканың бұзылуы және т.б.) кезінде; су тұтынушының (оның өкілдерінің) жеткізуші өкілін су есептегіш құралдарының көрсеткіштерін алуға және олардың жұмысқа қабілеттілігін, су құбыры енгізілімінің және есепке алу тораптарының техникалық жай-күйін тексеруге жол бермеуі; су тұтынушының есепке алу құралында және (немесе) су өлшеу торабындағы айналма желіде (жабу арматурасында), өрт гидранттарында пломбаның бұзылғаны анықталған кезде; есепке алу құралының ақаулығы туралы жеткізушіні хабардар етпеу; сумен жабдықтау және су бұру қызметтерін көрсету туралы жеткізушімен жасалған шарт болмаған жағдайда елді мекеннің (жеткізушінің) сумен жабдықтау желілерінен суды пайдалануы фактісі анықталған кезде; өртті сөндіру жағдайларын қоспағанда, өртке қарсы жүйелерден суды пайдалануы фактісі анықталған кезде; су тұтынушының сумен жабдықтау жүйесіне қосылған құбырлар арқылы, енгізілімде есепке алу құралы болмаған немесе ол ақаулы болған жағдайда, суару, субұрқақтарды және жасанды су айдындарын толтыру фактісі анықталған кезде; енгізілімде есепке алу құралы болмаған немесе ол ақаулы болған жағдайда судың тұрақты түрде ағып кету (ағызу) фактісі анықталған кезде; сондай-ақ ҚР Өнеркәсіп және құрылыс Министрінің 16.10.2025 жылғы № 441 бұйрығына 1-қосымша болып табылатын «Сумен жабдықтау және су бұру бойынша көрсетілген қызметтер көлемін есептеу әдістемесінде» белгіленген өзге де бұзушылықтар анықталған кезде. Осы жағдайларда су тұтынушыға сумен жабдықтау және су бұру бойынша көрсетілген қызметтер көлемі Әдістемеде көзделген формула мен қосымшаларға сәйкес есептеледі.

5.10. Көрсетілетін қызметті берушінің өкілі тексеру барысында анықталған Су тұтынушының сумен жабдықтау және су бұру жүйесінде қолданылған әрекеттерге және пайдалану ережелерін бұзуға екі тарап қол қоятын тиісті акт жасайды.

Су тұтынушы немесе оның өкілі актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда, акт жеткізуші өкілдерінен кемінде үш адамнан тұратын комиссиямен рәсімделсе, ол жарамды деп есептеледі. Актіде Су тұтынушының қол қоюдан бас тарту фактісі тіркеледі, бұл жағдай фотофиксация және (немесе) видеофиксация арқылы да расталады

6-тарау. Суды коммерциялық есепке алу тораптарына қойылатын талаптар және пайдалану

6.1. Су тұтынушының суды есепке алу аспабының техникалық және метрологиялық сипаттамалары су тұтынудың нақты көлеміне сәйкес келуі тиіс.

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

Жеткізуші ҚР Өнеркәсіп және құрылыс Министрінің 08.08.2025 жылғы № 295 бұйрығымен Сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріндегі суды есептеу аспаптарын таңдау, монтаждау және пайдалану қағидаларына сәйкес,суды есепке алу аспаптарын пайдалануға жіберуді жүзеге асырады.

6.2. Су есептегіш құралдарының бүтіндігі бұзылған, тексеру таңбасының ізі жоқ, тексеру мерзімі өткен, сондай-ақ өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізілімінде тіркелмеген су есептегіш құралдарын орнатуға және пайдалануға жол берілмейді.

6.3. Белгіленген тексеру мерзімі өткеннен кейін суды есепке алу аспабын техникалық талаптарға сәйкес келмейтін ретінде коммерциялық есептен автоматты түрде алынады. Жеткізуші тексеру мерзімі аяқталғанға дейін 30 күн бұрын Су тұтынушыны есепке алу аспабын кезекті мемлекеттік тексеруді жүргізу немесе оны ауыстыру қажеттігі туралы хабардар етеді.

6.4 Егер есептегіш құрал уақытша болмаған жағдайда және жеткізушіден хабарлама алынған болса, есептегішті кезекті тексеру, жөндеу немесе ауыстыру кезінде, сондай-ақ есептегіштің ақауы пайдаланушының кінәсінен туындамаған жағдайда, көрсетілген су жабдықтау қызметінің көлемі есептегіш құралдардың соңғы үш айдағы орташа көрсеткіштері бойынша анықталады, бірақ бір айдан артық болмайды..

6.5. Су есептегіш құралдарды пайдалану, оларды техникалық тұрғыдан жарамды күйде ұстау, есептегіш құралдарды калибрлеуді ұйымдастыру және қолданылатын жабдықты сертификаттауды жүргізу, су есептеу түйінінің, АӨЖ, ЭТЕАЖ элементтерінің, калибрлеу мөрі, өндірушінің пломбалары, су есептегіш құралдарды коммерциялық есепке қабылдаған жеткізушінің пломбаларын сақтау қамтамасыз етіледі:

1.Құрылыс нысанында – нысанды Су тұтынушысының меншігіне бергенге дейін тапсырыс беруші немесе құрылыс салушы тарапынан;

2. Қызмет көрсету аумағында немесе су пайдаланушыға (заңды тұлға) пайдалануға берілген нысанда –Су тұтынушы арқылы;
3. Су тұтынушыға меншікке берілген жеке тұрғын үйде (ғимаратта) немесе пәтерлерде – су тұтынушы арқылы;

4.Пайдалануға берілген көппәтерлі тұрғын үйдің (ғимараттың) баспалдақ алаңдарында – ғимараттың басқаруын жүзеге асыратын кондоминиум нысанын басқару органы болмаған жағдайда, Су тұтынушысы тарапынан;

5. Үйдің ортақ суды есепке алу аспабы орнатылатын орындарда – кондоминиум нысанын басқару органы тарапынан, ал кондоминиум тіркелмеген жағдайда – ортақ үлестік меншік иелері тарапынан.

6.6. Суда есепке алу аспаптарын белгісіз адамдар ұрлаған немесе сындырған жағдайда, олардың сақталуына жауапты адам, егер Тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, есепке алу аспаптарының ұрлануы немесе сынуы фактісі анықталған кезден бастап бір ай мерзімде есепке алу аспаптарын қалпына келтіруге міндетті. Жеткізуші есепке алу аспаптарын қалпына келтіру сәтіне дейін Су тұтынушыны сумен жабдықтау желілеріне қосылады.

6.7. Суды есепке алу аспабын орнату кезінде оның түріне, метрологиялық сипаттамаларына, температуралық класына, шартты өтпелі диаметріне сәйкес зауыт өндірушісінің техникалық талаптары сақталуы қажет, сондай-ақ пайдалану шарттарына байланысты:

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

өлшенетін судың температурасы;

есептегіш құрал мен қосымша арматурадағы рұқсат етілген қысым жоғалтуы;

есептегіштің су ағыны деңгейі Q1 (минималды ағын) және Q3 (тұрақты ағын);

судың және есептегіштің физикалық, химиялық және басқа сипаттамаларының бір-бірімен және пайдалану шарттарымен сәйкестігі.

Суды есепке алу аспабын орнату өндірушінің эксплуатациялық құжатында көрсетілген ұсыныстарға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

6.8. Су есептеу түйіні ДЖБҚ (деректерді жинау және беру құрылғысы) құралымен жабдықталады, ол есептегіш құралдардың өлшенген көрсеткіштерін автоматты түрде алу, сақтау және жеткізушінің АӨЖ жүйесіне және (немесе) ЭТЕАЖ жүйесіне беру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

6.9. Жобаланатын, салынатын, кеңейтілетін, жаңғыртылатын, техникалық қайта жарақтандырылатын, реконструкцияланатын және күрделі жөнделетін ғимараттарда суды есепке алу аспаптарын, АӨЖ және ЭТЕАЖ қажетті элементтерін орнатуға арналған шығындар құрылыс салушыға жүктеледі.

Егер бекітілген жобада ғимаратты санитариялық-техникалық жабдықтарды орнатусыз пайдалануға беру көзделсе және инженерлік жабдықтарды орнату сатып алушылардың жеке талаптары мен қалауларын ескере отырып жүзеге асырылса, су есептегіш құралдарын және АӨЖ және (немесе) ЭТЕАЖ-нің қажетті элементтерін орнату міндетті болып қала береді.

Құрылыстың нормативтік мерзімдерінің сақталуына қарамастан объектілер "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Заңының 60-бабының 4-тармағына сәйкес бекітілген мемлекеттік нормативтердің талаптарына сай суды есепке алу аспаптарымен және АӨЖ, ЭТЕАЖ элементтерімен жарақтандырылған қажетті жиынтықтылықпен пайдалануға енгізіледі.

6.10. РЭҚ, АӨЖ және ЭТЕАЖ қашықтан деректерді жинау және беру құралдарын монтаждау су жабдықтау және (немесе) су бұру объектілеріндегі технологиялық жабдықты монтаждау, байланыс (коммуникациялық) жабдықты іске қосу-баптау жұмыстарына және бақылау жүйелеріне жатады.

6.11. Көппәтерлі тұрғын үйлерде (тұрғын ғимараттарда) және басқа да нысандарда коммерциялық су есептеу үшін құрылыс, реконструкция, техникалық қайта жарақтандыру, жаңғырту, іргелі жөндеу жобаларында міндетті түрде жалпы үйлік және жеке суды есепке алу аспаптарын орнату қарастырылған. Бұл есептегіштердің метрологиялық класы жоғары болуы тиіс: суық су үшін динамикалық сипаттамасы R кемінде 100, ыстық су үшін динамикалық сипаттамасы R кемінде 50 (В метрологиялық класы), сезімталдық шегі минималды ағынның жартысынан аспауы және деректерді қашықтықтан беру мүмкіндігі болуы қажет.

Бұл талап істен шыққан немесе қызмет ету мерзімі аяқталған суды есепке алу аспаптарын ауыстыру жағдайларына да қатысты.

6.12.Судыесепке алу аспабы істен шыққан жағдайда, Су тұтынушы отыз календарлық күн ішінде жұмыс істейтін су есептегішін орнатуын қамтамасыз етеді.

Су бұру (сантехникалық) есептегіші істен шыққан жағдайда, су пайдаланушысы су жабдықтау

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

және (немесе) су бұру ұйымымен келісілген мерзімде жұмыс істейтін су бұру есептегішін орнатуын қамтамасыз етеді, бірақ бұл мерзім алпыс календарлық күннен аспайды. Мерзім су бұру есептегіштерін елден тыс жерге калибрлеу және жөндеуге жіберу себебінен ұзартылуы мүмкін.

7-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

7.1. Су тұтынушы құқылы:

1) Келісім-шарттың талаптарына сәйкес қажетті көлемде денсаулығына қауіпсіз, мүлкіне зиян келтірмейтін белгіленген сападағы қызметтерді алуға;

2) ағынды суларды рұқсат етілген жүктеме шегінде қажетті көлемде жіберуге;

3) Жеткізушіден қызметтерді есепке алу аспаптарын орнатуды талап етуге

4) Жеткізушінің заңнамаға қайшы келетін іс-әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне уәкілетті органның ведомствосына және (немесе) сот тәртібімен шағымдануға;

5) көпшілік тыңдауларға қатысуға;

6) Қызметтерді тиісінше ұсынбау салдарынан өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды толық көлемде өтеуді, сондай-ақ моральдық зиянды өтеуді белгіленген тәртіппен талап етуге;

7) ҚРзаңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін қызмет ұсынылған жағдайда көрсетілетін қызметтердің құнын қайта есептеуді талап етуге;

8) егер Жеткізуші белгіленген тәртіппен шот қоймаған болса, алынған қызмет үшін төлем жасамауға;

9) көрсетілетін қызметті ұсынуға Жеткізушімен шарт жасасу;

10) ұсынылған қызметке толық төлем жасаған жағдайда бір айдан кешіктірмей бұл туралы Жеткізушіні жазбаша хабардар етіп, Келісім-шартты біржақты тәртіппен бұзуға.

7.2. Су тұтынушы міндетті:

1) нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес өзіне меншік құқығымен немесе өзге де заңды негізде тиесілі және (немесе) оның пайдалану жауапкершілігінің шекарасында орналасқан сумен жабдықтау және су бұру желілері мен жабдықтарының пайдаланылуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

2) суды есепке алу аспаптарының болуы және Жеткізуші ұсынған төлем құжаттарының негізінде ұсынылған қызметтерге олардың көрсеткіштеріне сәйкес уақтылы және толық көлемде ақы төлеуге;

3) Жеткізушіге көрсетілетін қызметтерді пайдалану кезінде туындаған сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелерінің желілері мен құрылыстарының, өзіне меншік құқығымен немесе өзге де заңды негізде тиесілі және (немесе) оның пайдалану жауапкершілігі шекараларында орналасқан, орталықтандырылған сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйесінің жұмысына теріс әсер етуі және қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін есепке алу

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

аспаптарының жұмысындағы ақаулар туралы, ал сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелерінің желілері немесе құрылыстары бүлінген немесе, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі жергілікті органдарға, санитарлық - эпидемиологиялық қызметке және қоршаған ортаны қорғау қызметіне де дереу хабарлауға;

4) суды есепке алу аспаптарының, есепке алу аспаптарындағы пломбалар мен тексеру белгілерінің, есепке алу тораптарындағы пломбалардың, айналма желінің ысырмаларындағы, оның пайдалану жауапкершілігі шекарасындағы өрт гидранттарындағы пломбалардың сақталуын, тиісті техникалық жай-күйін қамтамасыз етуге, көрсетілген үй-жайларды таза ұстауға, сондай-ақ су мен ағынды суларды есепке алу тораптары мен аспаптарына кіруге кедергі келтіретін заттарды, есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін бұрмалауы мүмкін механикалық, химиялық, электромагниттік немесе өзге де әсерлерді сақтауға жол бермеуге;

5) Жеткізушіні және мемлекеттік өртке қарсы қызметтің жергілікті органдарын өрт сөндіру гидранттарын олар бұзылған немесе оның су құбыры желілерінде авария туындаған жағдайларда пайдалану мүмкін еместігі туралы дереу хабардар етуге;

6) есепке алу аспаптарының барлық зақымданулары немесе ақаулары туралы, пломбалардың бүтіндігінің бұзылғандығы туралы Жеткізушіге дереу хабарлауға;

7) ағынды сулардың сынамаларын алу үшін, сондай-ақ берешегі болған жағдайда Су тұтынушының желілерін ажырату үшін аумақта орналасқан немесе шаруашылық жүргізуіндегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің барлық элементтерінің көрсеткіштерін алу және жұмысқа қабілеттілігін тексеру, техникалық жай-күйін және қауіпсіздігін бақылау үшін Жеткізуші өкілдерінің есепке алу құралдарына кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге;

8) су тұтыну және (немесе) суды тұтыну көлемін шартта белгіленгеннен артық ұлғайту кезінде ұйымның сумен жабдықтау және (немесе) канализация жөніндегі техникалық шарттарын немесе техникалық талаптарын сұратуға;

9) ҚР Өнеркәсіп және құрылыс Министрінің 15.10.2025 ж. № 436 бұйрығымен елді мекендердің су бұру жүйелеріне ағынды суларды қабылдау қағидаларында көзделген жағдайларда ағынды суларды оқшау тазартуды қамтамасыз ету;

10) көрсетілетін қызметті тұтыну кезінде қауіпсіздік техникасы бойынша талаптарды сақтауға;

